

Качир ауданы Ивановка ауылдық округі Ивановка ауылының көшелерін қайта атау туралы

Павлодар облысы Качир ауданы Ивановка ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 11 желтоқсандағы № 1-05 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 21 желтоқсанда № 5748 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Ивановка ауылдық округі Ивановка ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып және 2017 жылғы 15 тамыздағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде Ивановка ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Качир ауданы Ивановка ауылдық округі Ивановка ауылының келесі көшелері:
"Советов" көшесі "Болашақ" көшесі болып;
"Клубная" көшесі "Бәйтерек" көшесі болып;
"Степная" көшесі "Ұлы дала" көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ивановка ауылдық округі
әкімінің міндетін атқарушы*

А. Мангутов